

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
«Көп бейінді облыстық ауруханасы» ШЖҚ КМК
қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу бойынша

Қызылорда қаласы

24.05.2023 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып, «Көп бейінді облыстық ауруханасы» ШЖҚ КМК (әрі қарай – Кәсіпорын) құрылымдық бөлімдерінің қызметі табылады.

2. Төменде аталған кәсіпорынның бөлімшелеріне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бүйрығына сәйкес сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

3. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Кәсіпорынның 20.01.2023 жылғы №21ө «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу жөніндегі жұмысшы тобын құру туралы» бүйрығына сәйкес құрылған жұмыс құрамы тобы жүргізді:

- Амитов Нуридин Егенбердиевич – директор;
- Турсынбаева Г.Ш. - кәсіподак ұйымының төрайымы;
- Кәбекова Айнур Болатбековна – заңгер;
- Нурабаева Женискуль Жолдыбаевна – бас мейірбике.

-

4. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы 2021, 2022, 2023 жылдың 1-ші жарты жылдығы кезеңі қамтылды.

5. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 24.05.2023ж. жүргізілді.

6. Кәсіпорын заңгері А.Кәбековаға (комплаенс офицері) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері бойынша басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозгайтын нормативтік құқықтық актілерде (бұдан әрі – НҚА) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорын құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәлімет:

Кәсіпорын құзыреті шегінде облыс аумағында барлық тұрғындары мен қонақтарына медициналық жәрдем көмегін көрсету қызметін жүзеге асырады.

Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де НҚА-ге, сондай ақ Кәсіпорынның тікелей қызметін регламенттейтін бүйрықтар мен жарғысына сәйкес іске асырады.

Қазіргі таңда стационарлық, амбулаториялық бөлімшелер жұмыс атқарады.

**«Көп бейінді облыстық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ны бойынша құрылымдық
бөлімдер мен бөлімшелердің тізімі**

Клиникалық бөлімшелер:

1. Жоспарлы хирургия (№ 1)
2. Жедел хирургия (№ 2)
3. Нейрохирургия
4. Травматология
- 5 Урология
6. Көз аурулары бөлімшесі
7. гинекология
8. терапия 2
9. Нефрология
10. терапия 1
11. қалпына келтіру бөлімшесі1 (реабилитация)
12. қалпына келтіру бөлімшесі 2 (реабилитация)
13. нейроинсульт бөлімшесі
14. паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім
15. Кардиология № 1
16. кардиология № 2
17. жүрек-тамыр хирургиясы бөлімшесі
18. кардиореабилитация

Ақылы бөлімшелер

1. ақылы бөлімшесі

Қосалқы бөлімшелер мен бөлімдер:

1. Анестезиология реанимация бөлімшесі
2. нейроинсульттық реанимация бөлімшесі
3. кардиореанимация
4. рентген-эндоваскулярлы хирургия бөлімі
5. Отау жасау бөлімшесі
6. қабылдау бөлімшесі
7. Кеңес беру-диагностика бөлімшесі
8. заарсыздандыру бөлімшесі
9. медициналық статистика бөлімі
10. кісі қабылдау бөлімшесі
11. Физиотерапия
12. Рентген-диагностикалық бөлімшесі
13. орталықтандырылған клиникалық-анықтамалық зертхана
14. Бактериологиялық зертхана
15. дәріхана

16. МРТ және КТ бөлімі
17. күндізгі аурухана (хирургиялық, терапиялық)
18. трансфузиология бөлмесі
19. наркотикалық және психотроптық дәрілерді тіркеу бөлмесі
20. ұйымдастыру-әдістемелік бөлімі
21. оқу-симуляциялық орталығы
22. - телемедицина

Әкімшілік-шаруашылық бөлім:

Әкімшілік:

- Пациентті қолдау және ішкі бақылау қызметі
- Бухгалтерия
- жоспарлау-экономикалық бөлім
- адами ресурстарды басқару және кадрлық жұмыс бөлімі
- құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімі
- ақпараттық технологиялар бөлімі
- кеңсе
- автоматтандырылған-диспетчерлік байланыс бөлімі
- апат медицинасы бөлімі
- мұрағат
- оқу-әдістемелік орталығы
- телемедицина

Шаруашылық бөлім:

- кір жуу бөлімі
- оттегі стансасы
- лифт шаруашылығы
- асхана
- жылу қазандығы
- гараж
- вентиляция жүйесі

II. Кәсіпорын қызметіне, оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін НҚА мен ішкі құжаттарында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды нормативтік құқықтық актілерде, бөлімдерде өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделейді.

Кәсіпорын қызметінде келесідей НҚА пайдаланады:

- «ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ» Қазақстан Республикасының Кодексі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-проектік кодекс;
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заны;
- Басқада НҚА мен ішкі бүйректар.

НҚА талдау жүргізу нәтижесінде мынадай қызметтердің процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтар байқалуда:

2.1. Кәсіпорынға жұмысқа тұра (жұмысқа қабылдау) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) талаптарына және Enbek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы жүргізіледі.

Кәсіпорынға жұмыскерді қабылдау барысында үміткер кодексте көзделген құжаттарды қолма-қол тапсырады, осыған орай екі тараптан қандай құжаттарды тапсыру керектігі саралып және әрі қарай тапсырған уақытта мүдделер қақтығысыорын алып, сыйайлас жемқорлық тәуекелі туындағы ықтимал.

ҰСЫНЫС:

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 32-бабына «**Еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар**» - жұмыс беруші жұмыскерді жұмысқа қабылдау барысында қажетті құжаттарды Enbek.kz электрондық еңбек биржасы платформасы арқылы сұрату» толықтырулар енгізу арқылы электронды форматқа ауыстыру.

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды анықтау.

Кадрлық құрам бойынша.

Кәсіпорын құрылымында штат саны бойынша жалпы – 1355 қызметкер. 193 – дәрігер, 210 – орта буын, 324 – кіші буын қызметкер, 39 – әкімшілік құрам, 228 – басқа лауазымдар жұмыс атқарады.

2021 жылы- 256 тәртіптік жаза, оның ішінде қатаң сөгіс 23, сөгіс-114, ескеरту-119; 2022 жылы-188, оның ішінде қатаң сөгіс-15, сөгіс-11, ескерту-162; 2023 жылдың екінші тоқсанында тәртіптік жаза қолдау бойынша мәлімет: қатаң сөгіс-1, 6-сөгіс, 7- ескерту түріндегі тәртіптік жазалар қолданылған. Барлық жазалар жұмыс барысында медицина саласында тиісті шаралар негізінде қолданылды.

Талдау обьектісі қызметкерлерінің жалақысы туралы ақпарат.

Кәсіпорын жұмыскерлерінің енбегіне ақы төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша айқындалған сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі

Сыйайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыйайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдың екілеттіктер	Сыйайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыйайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Кадр маманы	бөлімінің		

IV. Мұдделер қақтығысын реттеу.

Кәсіпорында мұдделер қақтығысы орын алған жоқ.

V. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Кәсіпорын тарапынан мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Кәсіпорын тарапынан рұқсат беру функцияларын іске асыру қарастырылмаған.

VII. Бақылау функцияларын іске асыру.

Кәсіпорын бақылау функциялары жүзеге асырылмайды.

IX. Жеке және занды тұлғалармен шарттар жасау.

2021 жылы- 680 келісім-шарт жасалды. Оның ішінде баға ұсыныстары-286 шарт, конкурс-32 шарт, бір көзден-347 шарт. 2022 жылы-629, баға ұсыныстары-351 шарт, конкурс-12 шарт, электрондық дүкен-97 шарт, бір көзден-57 шарт жасалды. 2023 жылдың 2-ші жарты жылдығында мемлекеттік сатып алулар бойынша жалпы 107- шарт жасалды. Оның ішінде Баға ұсыныстары бойынша 97-шарт.

Электрондық дүкен бойынша – 7 шарт, Конкурс 2- шарт. Бір көзден 1- шарт.

X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Кәсіпорынмен ақпараттық жүйелерді әзірлеу қарастырылмаған.

XI. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

2023 жылдың 2-ші жарты жылдығында «Е-өтініш» ақпараттық жүйе арқылы 7 арыз-шағым тіркелген.

Сонымен бірге, кәсіпорынның әлеуметтік желілерде парақшасы және ғимаратта арыз-шағымдар мен ұсыныстарды қабылдау жәшігі орналасқан.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңінде азаматтар мен занды тұлғалардан кәсіпорынның қызметіне арыз-шағымдар мен ұсыныстар тіркелмеген.

Директор

Амитов Н.Е.

Кәсіподак ұйымының төрайымы

Турсынбаева Г.Ш.

Бас мейірбике

Ж.Нурабаева

Зангер

А.Көбекова